



Дін ілімінің негіздері. Суннизм

Орындаған: Тоқтаубекова А.Т.

Тексерген: Аманова А.С.

Дін ілімінің негіздері

Ислам- біздің заманымыздың 609-632 жылдар аралығында(VII ғасыр) шығыс пен батыс мәдениеттері тоғысып жатқан Араб түбегінде пайда болған әлемдік діндердің ең жасы.Ол әлемдік кең таралуы жағынан екінші орында.

«Ислам» сөзі арабшадан «бейбітшілік», «бағыну», «мойынсұну» деген мағыналарды береді.

Жаратушыны жалғыз, дара деп қабылдаумен Ислам монотеистік дін болып табылады. Негізгі ұстанымдары-Құран кітап пен Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с) өнеге етіп қалдырған іс-амалдары(сүннеті).

Ислам дінінің шығу тарихы

Деректер бойынша, хазірет Мұхаммедке (с.с.с) пайғамбарлық ақыл-ойы кемелденген 40 жасында қонған. Елшілік міндеті 610 жылы Рамазан айында Хира тауының басында Жәбірейіл періште жеткізген делінеді. Періштенің жеткізген аяндарын «уахи» деп аталған. Тауда үңгір ішінде оңаша отырған бір сәтінде Жәбірейіл періште хазірет Мұхаммедке (с.а.с) өз бейнесінде көрініп, алғашқы аяттарды түсірген. Алғашында бұл оқиғадан хазірет Мұхаммед (с.а.с) қатты қорыққан. Кейіннен өзіне елшілік міндеті берілгеніне нақты көзі жеткенде, түскен әмірлерді қалтықсыз орындай бастаған. Жәбірейіл періште арқылы, Алла Тағаладан аян түсуі өмірінің соңына дейін үзбей жалғасқан.

Ислам дінінің таралуы

Ислам дінінің кең жағрапияға таралуы Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с) кейінгі халифаттар кезеңінде жүзеге асқан. Ислам тарихында олар «хұлафа рашидин» (әділетті халифалар) деген атпен қалған. VIII ғасырдың өзінде Ислам дінінің аумағы Араб түбегі, Месопатамия, Иран, Ауғанстан, Кавказ аймағы, Орталық Азия мен Үндістанның солтүстігіне дейін жеткен.





Дүние жүзінде Ислам дінін ұстанушылардың саны шамамен 2 млрд-қа жуық. Олардың 90 пайызы сунниттер. Шииттер Иран мен Ирак аймағында ғана кездеседі. Ислам діні әлемнің 120-дан астам елінде ғана кездеседі. Ислам дініне сенушілер әлемнің 35 мемлекеті халқының басым бөлігін құрайды. Әлемнің 28 елінде, атап айтсақ Сауд Арабиясы, Мысыр, Иран, Пәкістан, Мавритания және тағы басқа елдердің ресми діні болып жарияланған.

Қазіргі уақытта Ислам діні тараған елдерде мұсылмандық сипаттағы саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар да кездеседі. Халықаралық ұйымдар да бар. (Бұлардың қатарына 1962 жылы Меккеде құрылған Ислам әлемі Лигасы, 1969 жылғы Ислам конференциясы ұйымы, 1973 жылы құрылған Еуропаның Ислам Кеңесі ұйымдары жатады) Олардың біразы дін, мәдениет, саясат, экономика салаларында жұмыс жасайды.

Исламның негізгі бағытының бірі-

Суннизм

Исламда басқа діндерде тәрізді бірнеше бағыттар бар. Ол туралы Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) айтқан екен: «Ислам мен дүниеден өткеннен соң үмметім 73-ке бөлінеді, соның біреуі ғана жаннаттық», - деп. Пайғамбар Алланың рахымына бөленген соң исламда негізгі екі тарап айқындалады. Олар – сунниттер және шииттер (шиа – қосылу, бірігу). Бұл бөліну негізгі дінді таратудан емес, тақ таласынан туды. Мұхаммед өзінің соңғы күндерінде қатты науқастанып, бұрынғыдай намазда ілгері тұра алмады. Ол Әбу Бәкірді нұсқады. Пайғамбар Алланың шапағатына бөленген соң оның бұл мезгеуін мұсылмандар Әбу Бәкірді (632-634) өз орнына қалдыруы есепті қабылдады. Одан соң пайғамбардың сахабалары Омар (634-644), Осман (644-656) халиф болды. Төртінші халиф турасында талас туды. Әлінің халиф болуына Осман туыстары қарсы болды. Ислам тарихшылары Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) «ислам арысланы қаһарына мінсе, қарсы болмандар,» – деген өсиет қалдырған дейді. Осы уақытта исламда тұңғыш окшаулану көрініс берді.

Сунниттер

Исламдағы ең ірі бағыт- сунниттер. Әлемдегі мұсылмандардың 90 пайызы сунниттік исламды ұстанады. «Сунна» араб тілінде «жол» деген мағына береді. Сунниттер хадистерді нағыз мұсылмандар жүретін жол деп таниды. Осыдан олар өздерін «әһли ас-сунна» немесе «әһли әхли-сунна уа жамағат» – «сунна адамдары»- деп атайды. Яғни олардың киелі мұрада бекітілген ислам құндылықтарына беріктігін, жамағаттың өмірлік маңызы бар мәселелерді шешудегі жетекші рөлін мойындайды. Шииттерден сунниттердің айырмашылығы- олардың Алла мен адам арасындағы Мұхаммед пайғамбардан соң елшілік етуші жан жоқ деген идеяны жоққа шығаратындығы. Олар Алидың «құдайи» табиғатын да қабыл алмайды әрі оның ұрпақтарының мұсылман қауымында рухани билік жүргізуі тиіс дегенді де мақұлдамайды.



Хронологиялық тұрғыдан алғанда сунниттер шииттерден кейін, соларға реакция, жауап ретінде пайда болды. X-XI ғғ. Суннизм дербес ағым болып шықты. Бастапқыда ол шииттік исламға қарсылық ретінде қабылданатын. Суннизмнің аясында ерекше секталар пайда бола қойған жоқ. Бұл жағы оны шиизмнен бөлектеп тұрады.

Сунниттерге тән белгілердің негізгілеріне: төрт «тақуа халифтердің» заңды билігін мойындау; алты «қағидалы» хадис жинақтарының дәйектілігіне күмән келтірмеу; сунниттік төрт құқықтық мектептердің біріне тиесілі болу (маликтік, шафииттік, ханифиттік және ханбалиттік) жатады.

Сунна

Исламның діни ілімінің Құраннан кейінгі екінші орында тұрған маңызды дереккөзі – Сунна (ар. тілінен әдет-ғұрып, үлгі-өнеге) – Алланың елшісінің өмір жолының үлгісі. Ол – жалпы мұсылман қауымы болсын, жеке мұсылманның әрқайсысының өзінің болсын өмір жолының жетекшілікке алар әрі үлгі етіп ұстанар қағидасы. Мұхаммедтің жасаған іс-әрекеттерін, оның айтқандарының басын біріктіртін Сунна қоғам мен жеке адамның барлық мәселелерінің шешімін табуға көмектесетін материал болып табылады. Ислам пайғамбардың Алламен тікелей тілдескендігін қабыл алатындықтан, сенушілер Мұхаммедтің өзінің айтқандарын да тегін емес деп, оны да Құранмен қатар Құдай өзі жіберген исламның негізі деп қабылдайды. Суннаға мұсылмандар Құдайға ненің ұнайтындығын, қандай әрекеттер мен көзқарастар оған жағымды екендігін білдіретін нұсқау деп қарайды. Халифат құрылғаннан кейінгі және исламның табысты өткен экспансияларынан кейінгі жаңа жағдайға, тез арада өзгеріп отырған тарихи шындықтарға исламның көндігуінің ең бір пәрменді құралы болған осы Сунна еді.



Күлімсіреу - сунна



Көмектесу, қол алысып
амандасу - сунна



Науқастың халін сұрау -
сунна




Отбасына камқорлық
жасау - сунна


Суннаның негізгі құрамдас бөлігі – хадис

Хадис (ар.жаңалық, әңгіме, хабар). Ол Мұхаммед пайғамбардың өмірінен хабар беретін, оның іс-әрекеттері мен уағыздары жайында айтатын кітап. Онда мұсылман өмірінің түрлі-түрлі діни-құқықтық қырлары да қарастырылған.

Хадис 2 бөліктен тұрады:



иснад (ар. «сүйемел», «тірек») – Пайғамбар туралы хабарды ол қағазға түскенге дейін бір-біріне ауыздан-ауызға жеткізгендерді тізбектете келтіру



матн (ар. «мәтін») – нақты ақпарат ала жүретін бөлік. Мұсылмандық дәстүр бойынша, иснад – Мұхаммед Пайғамбармен не болып, не қойғандығының шындығын дәлелдеуші дүние, себебі дәстүрге, аузы дуалы абырой иелерінің сөзіне сүйену исламда қашанда жетекші орында тұрған.

Сунниттік бағыттың мектептері

«Мәзһаб» сөзі араб тілінен енген сөз. Ол «жол», «бағыт» «көзқарас», «мектеп» деген мағыналарды білдіреді.

Ханафи, Малики, Шафиғи, Ханбали секілді дәстүрлі мәзһабтар мен ашғари, матруди тәрізді ақида мектептері осы сунниттік бағытқа жатады.

Назарларыңызға көп рахмет

